

Мазаржанова К.М.¹, Акижанова Н.Т. ^{*1}, Акимжанов Д.Ш.²

¹ С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ., Қазақстан, kmazarzhanova@mail.ru, nazym_88-88@mail.ru*

²Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,
Алматы қ., Қазақстан, darhan-14@mail.ru

ЖАБАЙЫ ҚАБАНДАРДЫҢ ОРМАНДА ЖӘНЕ ДАЛАЛЫ АЛҚАПТАРДА ТАРАЛУЫ

Аңдатпа

Жабайы қабан (*Sus scrofa*) Қазақстанның барлық жерлерін мекен ететін жануар. Мақалада далалық зерттеу нәтижесі бойынша Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркіндегі жабайы қабандардың тіршілік ету ортасына байланысты биотоптарын анықтай отырып жұмыстар жүргізілді. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты парктің орманшылықтарында жабайы қабандардың орманда және далалы алқаптарда тіршілік ету ортасында таралуын бақылап, есепке алу көрсеткіштері анықтап, жыныстық, жастық құрылымы қамтылады. Зерттеу нысаны ретінде Қарқаралы МҰТП орманшылықтары таңдалып алынды. Далалық зерттеу нәтижесінде жабайы қабандардың қоректендіретін алаңын бақылау арқылы таралуын, жыныстық, жастық құрылымы есепке алынды және олардың саны анықталды. Жабайы қабандарды таралуын бақылауда және есепке алуда негізгі әдісі мемлекеттік табиғи парк аумағындағы орман алқабында кездесетін қосымша тамақтандыру алаңдарында көзбен шолу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында жануарларды есепке алудың бекітілген нұсқаулығына сүйене отырып жүргізілді. Қарқаралы МҰТП жабайы қабандар кең таралған. Орманды далалы алқаптарда таралуы сандық бағалау өскендігі байқалды. Жабайы қабандар таралу тығыздығымен орманды алқаптарға әсерін қопарған жерлерін бақылау арқылы анықтадық. 2023-2024 жылдар аралығында парктің орманшылықтарын аңшылықтанушы және орманшы мамандармен бірлесе бақылау негізінде жиналған мәліметтер жазылды.

Кілт сөздер: жабайы қабан, іздері, таралуы, тығыздығы, орман, мемлекеттік ұлттық табиғи парк.

Kіріспе

Жабайы қабан (*Sus scrofa*) – жұптұяқтылар тұқымдасына жататын орташа келген сүртқореткі жануар. Олардың сыртқа шығып тұратын имек келген жыртқыш тістері жақсы дамыған. Түсі қоңыр кейде қара-қоңыр болып келеді. Бауыр жағы және тұмсығының шеттері ақшылт келеді. Жүн жабыны қылшықты, әсіресе жал және шоқтығында түктері ұзын болса, ал қалған дене бөлгі ұсақ мамық жүндес келеді. Аяқтарының жүні қара түсті болады. Шоқтығының биіктігі 1 метрді шамалайды. Аталық қабанның салмағы 200-340 кг, дене тұрқы 2 метрге жетеді [1].

Еліміздің көп бөлігінде жабайы қабандар сулы-батпақты және шалғынды алқаптарда мекендейтіндіктен олардың қорегі аталған тіршілік ортасына байланысты болады. Қабанның негізгі өсімдіктер азығына: қамыстың тамыры мен бүршігі, қияқ жапырағының түйіндері мен тамыры кірді [2]. Қабанның қысқы азығы қамыс болғандықтан далалы алқапта көбіне осы өсімдік өсетін жерде тіршілік етеді. Қамыстан кейін екінші орында қабан қорегі ретінде қияқтың тамыры кіреді [3]. Жер қопару – қабан үшін азықты табудың негізгі қасиеті. Азығының үштен екі бөлігін топырақ қабаты мен жапырақ төсемесінің астынан табады. Топырақ қабатынан қара қоңыздың жұлдызқұрттарын, қарағай құрттары мен басқада орман зиянкестерін құртып, орманды сақтау және қалпына келтіруге үлесін тигізеді [4]. Көп зерттеулерде жабайы қабандар биоәртүрлікке қатты әсер етуі мүмкін екені белгілі [5].

Қабан табыны қорегін іздеген кезде жайылып жүреді. Орман ішінде қабандар жапырақ төсемесін қопарып, жержаңғақ пен емен жаңғақтарын, насекомдар және өсімдік тамырларын тауып жейді. Бір оттаған кезде қабан 2-3 кг азық жейді. Жер бетіндегі бірде-бір жануар орман мен шалғынның өсімдік жабыны мен топырағына әсері қабан тәрізді әсер ете алмайды. Олар топырақтың жоғарғы қабатын толық қопсытады [6]. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты парктің орманшылықтарында жабайы қабандардың орманда және далалы алқаптарда тіршілік ету ортасында таралуы, биологиялық және экологиялық ерекшеліктері қамтылады.

Материалдар мен әдістер

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи парк территориясында жабайы қабандардың жыныстық, жастық құрылымы есепке алуда олардың саны, орманда және далалы алқаптарда таралуын және де тигізетін әсерін анықтауға бағытталған далалық зерттеу жұмыстары 2023-2024 жылдар аралығында жүргізілді.

Далалық жұмыстарын кезінде ең алдымен парк аңшылықтанушы және орманшылармен бірігіп рейдтік жұмыстарға шығып, жабайы қабандардың кездескен жерлерін, санын, жыныстық, жастық құрылымы туралы мәліметтер журналға тіркеп, әр түрлі әдістер қолданылды. Рейдтік жұмыстар кезінде жүрген жолымызды orman.kz бағдармасы арқылы картаға түсірілді.

Далалық зерттеу жұмысымызда фототұзақтар құру, қоректенетін алаңдары арқылы көзбен шолу әдістерін қолдандық. Фототұзақтарды құру әдісі арқылы жабайы қабандардың тіршілік ету белсенділіктерімен таралуын анықтауға мүмкіндік берді. Ал, азықтануға келген қоректенетін алаңдары арқылы көзбен шолу әдісі кезінде дүрбі арқылы жасырын түрде жабайы қабандардың жыныстық, жастық құрылымы мен санын анықталды.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи парк территориясында жабайы қабандарды есепке алуда Қазақстан Республикасының аумағында жануарларды есепке алудың бекітілген нұсқаулығын сүйене отырып жүргізілді.


Есепке алу үшін 8 есе жақындататын дүрбілер, парктің картасы, есеп журналы, orman.kz бағдармасы және фототұзақтар қолданылды.

Зерттеу жұмысы барсыныда осы әдістер арқылы жабайы қабандардың тіршілік ету ортасына байланысты жыныстық, жастық құрылымы, сандық көрсеткіштері мен тығыздығы арқылы орманға және далалы алқаптарға әсерін тигізіп жатқаны туралы қажетті ақпараттар алынып, жануарлардың ерекшелігін анықтауда және қорытынды жасағанда да тиімді мүмкіндік берді [7,8,9,10].

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу нысаны «Қарқаралы» Мемлекеттік Ұлттық табиғи парктің «Кент», «Қарқаралы», «Тау», «Бахты» орманшылықтарында жүргіздік. «Қарқаралы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жалпы ауданы қазіргі уақытта 112120 га-ны құрайды.

«Қарқаралы» МҰТП 4 орманшылықтан тұрады (сурет-1).




Сурет-1. «Қарқаралы» МҰТП орманшылықтары

Тау орманшылығы – 28300га; Қарқаралы орманшылығы – 22311га; Кент орманшылығы – 41397га; Бақты орманшылығы – 20112 га алып жатыр.

Парктың территориясында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесін талқылауда жабайы қабандар қыс кезінде қардың тереңдігі 10-15 см болатын алқаптарда, жаз кезінде қамысты сулы алқаптарды кездесті. Жабайы қабандардың жалпы тіршілік ету биотоптары алуан түрлі келеді. Ол жыл мезгілдеріне орай өзгеріп отырады. Мегежіндер төлдеу кезінде көбіне орманның қалың ортасына қарай кетіп, төлдегенге дейін сол биотопты мекен етеді. Ал аталықтары топпен орманның шеткі бөлігінде алаңдарға жақын маңда мекендейді. Аналықтары 4 айдан соң мегежіндер 3-тен 9-ға дейін жолақ торапайлар туады. Олар өз еркімен жүре алатын жастан бастап жас торапайларын ерітіп топқа қосады. Жалпы қабандар өте сақ жануарлар болғандықтан олар орманның қалың жерлерінде және адам жиі бармайтын көлдердің маңында қамыс-қоғаның араларында жиі жүреді.

Жабайы қабандардың табиғи парктің территориясында таралуын олардың жалпы санын анықтау үшін өмір сүру барысында қалдыратын іздерін білу қажет. Яғни оларға: іздері, тұяқтарының таңбалары, экскременттері, жайылған жерлердегі қопарылған орындары, түлеу кезінде жоғалтқан жүндерінің қалдықтары және шөптен арнайы жасаған жататын орындары болып табылады. Парк аумағындағы 2023-2024 жж. есепке алу көрсеткіштері кезінде жабайы қабандардың санының динамикасын қарастырдық (сурет-2).



Сурет – 2. 2023-2024 жж. жабайы қабан санының динамикасы

Мұндағы 1-ші суретке сәйкес парк аумағында қабан санының өсуі байқалды 2023ж. (194 бас) және 2024ж. (280 бас). 2023 жылмен салыстырғанда 2024 ж. 1,5 есеге өсті.

Жабайы қабандардың іздері жалпы бұланның таңбаларына ұқсас болғанмен ұсақтау келеді [9]. Орманның сулы батпақты жерлерінде жабайы қабандар «шомылатын» шұңқырлар қазады. Біз бақылаған алқапта қопарылған жерлердің ойықтарында қабандардың іздерін байқалды. Жабайы қабанның іздерін қазып тастаған үлкен жер аумағы арқылы ажыратуға болады [11,12]. Сондай-ақ кейде қабан мекендейтін жерде аунайтын және қасынатын іздері де байқалады.

Қабандар көбіне тамырлармен қоректенетіндіктен алқаптарда қопарылған жерлер көптеп кездесті. Біз ауданы 1 м² болатын жұптасқан шеңберде жер жамылғысын сандық бағалауды жүргіздік. Бұл орындарды арнайы рулеткамен өлшеп, қопарылған жерлердің аудандарын есептеп журналға тіркеп отырдық. Жалпы орманшылықтар бойынша 100 аса қопарылған жерлер кездесті. Олардың аудандары 1,3 кв² -тан – 2,5 кв² қамтыды.



Сурет -3. Жабайы қабандардың қопарған жерлері

Мұндағы, 3-ші суретте атап көрсеткендей қопарылған жерлерді өлшеу барысында (ені 110мм, ұзындығы 130 мм) жалпы 1,3 кв²-ты көрсетті.


Жабайы қабандар парктің орманды және орманды-далалы биотоптың барлық жерлерін пайдаланып тіршілік етеді. Қабандар суды жаз мезгілінде өте қажет ететіндіктен сәуір айынан бастап қараша айына дейін, яғни көлдің суы қатқан мезгілге дейін осы жерлерде кездеседі. Қабандардың тіршілік ету жерлерінде сулы-батпақты жерлердің жақын болуының да маңызы зор. Жауын-шашын болмаған кездері және түлеу мен күйекке түсу уақытында және денесіндегі әртүрлі паразиттерден арылу үшін жабайы қабандар батпақты лайға аунап өз денесін тазартады. Жабайы қабандар үшін орманды-далалы алқаптардың арасында құлаған ағаштардың маңызы зор. Себебі ол жерлерде көптеген насекомдар мен кеміргіштер тіршілік етіп, кейбір құстар ұя салады. Ал қыс мезгілінде қайыңды-көктеректі тоғайлардың ашық жерлеріне жасалған қосымша азықтандыру алаңдарының маңыздылығы арта түседі. Себебі бақылау жұмысын жүргізу барысында кездескен жабайы қабандардың ең жоғарғы көрсеткіші осы жерлерде тіркелді. Сонымен қатар бұталы, жас ағашты жерлер және жеміс-жидекті жерлерде жиі кездесті.

Жабайы қабандардың жаз мезгілінде биотоптық таралуында аталығы мен мегежіндерінің арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмады. Далалық жұмыстарына жануарлар әлемін қорғау және көбейту бөлімінің аңшы мамандарының қатысуымен жүргіздік. Зерттеу жұмысы наурыз және сәуір аралығында жануарлардың белсенді кездерінде, яғни азықтануға шыққан уақыттарында таңғы 7-11 және кешкі 5-8 аралығында жүргізілді. Сағат 7-ден бастап орманшылығының кварталдарында орналасқан қосымша азықтандыру алаңына қоректенуге келген жабайы қабандарды бақылауға алдық. Сол уақытта жануарлардың саны, жынысы, жасы бланкілерге толтырылып отырды. Осы әдіспен қалған орманшылықтағы кварталдарды жүріп отырып, қосымша азықтану алаңдарына қоректенуге келген жабайы қабандар бақылауға алынды. Зерттеу жұмысы аяқталған соң әр орманшылықтың толтырылған бланкілерін біріктіріп, жалпы қортынды шығарылды.

1-кесте – 2023-2024 жылғы паркте жүргізілген бақылау бойынша жабайы қабандардың жыныстық және жастық құрылымы

Жануардың түрі	Жылдар	Жалпы саны	Ересектер		төлдер
			Аталық	Аналық	
Қабан	2023	194	46	50	98
	2024	280	71	75	134
Барлығы		474	117	125	232

Жүргізілген бақылау жұмыстарының нәтижесі бойынша парктің аумағында ересек аталықтарының үлесі 22%, аналықтарының үлесі 20%-ға көбейгені байқалды.



Сурет – 3. Жабайы қабандардың жыныстық және жастық құрылымының пайыздық көрсеткіші

Сонымен, жыл сайын мезгілмен өзгертін жыныстық құрамда аналықтардың саны 10% - ды, төлдер саны 18% - ға көрсетсе, аталықтары 22%-ға өскен көрсетті. Орташа алғанда, парк аумағындағы қабан популяциясының саны (2023-2024 жж.) 18% - ды құрады.

Қорытынды

Жабайы жануарларды таралған аймақ орманды және орманды-далалы жататындықтан, жабайы қабандар табиғи парк территориясында өсіп көбеюлеріне және ауа-райына төзімді екендігі анықталды. Жүргізілген бақылау жұмыстары бойынша жабайы қабандар қыс мезгілінде қардың қалыңдығы 10-15 см болатын ал жаз кезінде қамысты сулы-батпақты алқаптарда тіркелді. Жануарлардың Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде тіршілік ету ортасы - қайыңды, қарағайлы және көктеректі ағаштардың ортасы, сулы-батпақты жерлер және шөптесін өсімдіктер өсетін аймақтар. Орманшылық алқаптарында жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша жабайы қабандардың ең тығыз орналасқан жері екендігі анықталды. 2023-2024 жж. жылы парк территориясында жабайы қабандарға бақылау жұмыстарының нәтижесінде олардың жалпы саны 280 бас.

Жабайы қабан көбіне өсімдік тамырлары, жас өркендер және жануартекес азықтармен қоректенеді. Осыған орай парк территориясында қабандардың саны өсуіне байланысты алқаптардың көп жерлерінде қазылған зиян келген бөлімдер көптеп кездесті. Себебі ЕҚТА аумағында жануар дүниесіне шектеу яғни бұл жануарларды аулау қатаң шектелген [13]. Демек, зерттеуде мұндай жағдайларда жабайы қабандарға қатысты жүргізілетін басқару стратегияларының әлемдік формаларына және популяцияны бақылау үшін практикалық шаралар қабылдауға бағытталуы керек.

Алғыс. Мақала «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы («Қарқаралы» және «Бұйратау» МҰТП) жұптұяқтылардың (Artiodactyla) орманның табиғи даму үрдісіне әсері» атты докторлық диссертациялық жобасы аясында далалық зерттеу жұмыстар нәтижесінде дайындалған. Авторлар осы зерттеуді жүргізуге көмектескен «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи парк» қызметкерлеріне алғыстарын білдіреді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Рашитов С.С. Кәсіптік аңдар биологиясы. /Қарағойшин Ж.М., Нұрғожаева Н.М., Бұршақбаева Л.М./ Нұр-Сұлтан – 2020. 238 б.
- 2 Қарағойшин Ж.М. Орман аңдарының биологиясы. Астана. - 2023. 119 б.
- 3 Машкин В. И. Биология промысловых зверей России.-Киров. – 2007. С.750
- 4 Гептнер В.Г., Насимович А.А., Банников А.Г. Млекопитающие Советского Союза: Том 1 Копытные. – Брилл, 2023. – Т. 1.
- 5 Каппа Ф., Бани Л., Мериджи А. Факторы, влияющие на ущерб урожаю диким кабаном (*Sus scrofa*) и эффекты регулирования популяции в парке Тичино и озера Маджоре (северо-запад Италии) // Биология млекопитающих. – 2021. – Т. 101. – №. 4. – С. 451-463.
- 6 Нарбаев С. Биотехния. – 2023. 176 б.
- 7 Кузякин В. Учёт численности охотничьих животных. – Litres, 2022. С. 89-90
- 8 Кондратов А. В., Крестина Н. С., Вашукевич Е. В. Учет животных ресурсов. – 2017. С. 11-14.
- 9 Суворов А.П. Следы жизнедеятельности зверей и птиц: учебник для вузов - Лань, 2020.
- 10 Машкин В. И. Методы изучения охотничьих и охраняемых животных в полевых условиях. – 2013.
- 11 Димитриев А. В. и др. О ресурсном потенциале кабанов (*Sus scrofa* L.) в Чувашии //Развитие чувашской государственности в условиях российского федерализма: прошлое, настоящее, будущее. – 2020. – С. 274-283.
- 12 Рахмонов Р. Р. и др. Биология, Экология И Распространение Кабана //Research Journal of Trauma and Disability Studies. – 2022. – Т. 1. – №. 10. – С. 49-61.
- 13 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000175> Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі N 175 Заңы.
- 14 Кертешев Т. и др. Оценка экологического состояния пойменных лесов реки шарын и необходимые меры по их воспроизводству //Izdenister natigeler. – 2023. – №. 4 (100). – С. 199-214.

References

- 1 Raşitov S.S. Käsıptık aңdar biologiasy. /Qarağoişin J.M., Nūrğojaeva N.M., Būrşaqbaeva L.M./ Nūr-Sūltan – 2020. 238 b.
- 2 Qarağoişin J.M. Orman aңdarynyñ biologiasy. Astana. - 2023. 119 b.
- 3 Mashkin V. I. Biologiya promyslovyh zverey Rossii.-Kirov. – 2007. S.750
- 4 Geptner V.G., Nasimovich A.A., Bannikov A.G. Mlekopitayushchie Sovetskogo Soyuz: Tom 1 Kopytnye. – Brill, 2023. – T. 1.
- 5 Cappa F., Bani L., Meridzhi A. Faktory, vliyayushchie na ushcherb urozhayu dikim kabanom (*Sus scrofa*) i efekty regulirovaniya populyacii v parke Tichino i ozera Madzhore (severo-zapad Italii) // Biologiya mlekopitayushchih. – 2021. – T. 101. – №. 4. – S. 451-463
- 6 Narbaev S. Biotehnia. – 2023. 176 b.
- 7 Kuzyakin V. Uchyot chislennosti ohotnich'ih zhivotnyh. – Litres, 2022. S. 89-90
- 8 Kondratov A. V., Kretinina N. S., Vashukevich E. V. Uchet zhivotnyh resursov. – 2017. S. 11-14.
- 9 Suvorov A.P. Sledy zhiznedeyatel'nosti zverey i ptic: uchebnik dlya vuzov - Lan', 2020.
- 10 Mashkin V. I. Metody izucheniya ohotnich'ih i ohranyaemyh zhivotnyh v polevyh usloviyah. – 2013.
- 11 Dimitriev A. V. i dr. O resursnom potencie kabanov (*Sus scrofa* L.) v CHuvashii //Razvitie chuvashskoj gosudarstvennosti v usloviyah rossijskogo federalizma: proshloe, nastoyashchee, budushchee. – 2020. – S. 274-283.
- 12 Rahmonov R. R. i dr. Biologiya, Ekologiya I Rasprostranenie Kabana //Research Journal of Trauma and Disability Studies. – 2022. – T. 1. – №. 10. – S. 49-61.
- 13 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000175> Qazaqstan Respublikasynyñ 2006 jylғы 7 şildegeгі N 175 Zaңy.

14 Kerteshev T. i dr. Ocenka ekologicheskogo sostoyaniya pojmenykh lesov reki sharyn i neobhodimye mery po ih vosproizvodstvu //Izdenister natigeler. – 2023. – №. 4 (100). – S. 199-214.

Мазаржанова К.М.¹, Акижанова Н.Т. *¹, Акимжанов Д.Ш.²

¹ *Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, г. Астана, Казахстан, kmazarzhanova@mail.ru, nazym_88-88@mail.ru**

² *Казахский национальный аграрный исследовательский университет, г. Алматы, Казахстан, darhan-14@mail.ru*

РАСПРОСТРАНЕНИЕ КАБАНОВ В ЛЕСАХ И ПОЛЯХ

Аннотация

Кабан (*Sus scrofa*) — вид, обитающий во всех регионах Казахстана. В данной статье представлены результаты полевых исследований, проведённых с целью изучения биотопов, связанных с местообитаниями диких кабанов в Каркаралинском государственном национальном природном парке (ГНПП). Основная цель исследования заключалась в анализе распространения кабанов в их природной среде обитания — лесах и степных долинах — и в определении показателей учёта, а также половой и возрастной структуры популяции. Объектами исследования стали лесничества Каркаралинского ГНПП. В процессе полевых работ изучались распределение, численность, половая и возрастная структура популяции диких кабанов. Для этого проводились наблюдения на кормовых площадках, расположенных в лесных и степных массивах парка. Основными методами учёта были визуальный осмотр кормовых площадок и методики, утверждённые инструкциями по учёту животных на территории Республики Казахстан. Результаты исследования показали, что кабаны широко распространены в Каркаралинском ГНПП. В лесостепных угодьях отмечен рост численности их популяции. Выявлено, что кабаны оказывают значительное воздействие на лесные массивы, способствуя формированию зарослей в местах своего обитания. Сбор данных проводился в период с 2023 по 2024 годы в рамках совместных наблюдений сотрудников лесничеств, охотоведов и лесников парка.

Ключевые слова: кабан, следы, распространение, плотность, лес, государственный национальный природный парк.

Mazarzhanova K.M.¹, Akizhanova N.T. *¹, Akimzhanov D.Sh.²

¹ *S.Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan, kmazarzhanova@mail.ru, nazym_88-88@mail.ru**

² *Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan, darhan-14@mail.ru*

DISTRIBUTION OF WILD BOARS IN FORESTS AND FIELDS

Abstract

Wild boar (*Sus scrofa*) is an animal inhabiting all regions of Kazakhstan. The article presents the results of field studies conducted to identify biotopes associated with wild boar habitats in Karkarala State National Nature Park (SNNP). The purpose of the study was to investigate the distribution of wild boars in the habitat in forests and steppe valleys, as well as to determine the count, sex and age structure of the population. The forest areas of Karkarala SNPP were selected as the object of the study. In the course of field studies the distribution, number, sex and age structure of wild boar population was recorded by observing their feeding grounds. The main methods of counting and control were visual inspection of supplementary feeding sites located in forest and steppe areas of the park, as well as methods approved by the instruction on animal counting on the territory of the Republic of Kazakhstan. Studies have shown that wild boars are widely distributed in Karkarala SNPP. In forest-steppe lands the population growth was noted. It was revealed that wild boars influence forest areas by forming thickets in their habitats. The data were collected in the period from 2023 to 2024 within the framework of joint observations of forestry staff, game managers and park foresters.

Key words: wild boar, tracks, distribution, density, forest, State National Nature Park.